



1996 жылдың
12 наурызынан
бастап шығып
келеді

№ 5 (401)
15 наурыз 2017 ж

"Ақтөбе Университеті" Газеті

АРУ им. К.Жұбанова

@ argugazeti@mail.ru



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!



Сіздерді алда келе жатқан төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Кеңілдерге қуаныш ұялатып, шуақ шашып келетін аналар мерекесінің орны әркезде биік, өркез ерекше!

«Әлемдеп барша жақсылық, ізгілік бірінші кезекте әйел қауымына тән. Ең әуелі мен елімізді толайым табыстар мен өркенді өзгерістерге бастайтын ерелі істерге қосқан үлкен үлестеріңіз үшін сіздерге шын жүректен алғысымды айтамын. Сіздер қоғамымыздағы бейбіт тірлік пен берекелі

бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің аса зор ұйытқысы болып отырсыздар, – деген еді Президентіміз Н.Ә.Назарбаев әйелдер қауымын мерекелерімен құттықтау барысында.

Мемлекетімізде әйелдерді қолдау мен қорғау жолында үлкен істер атқарылуда. Бүгінгі күні Қазақстандағы өмір сүру деңгейінің жақсаруы, жас және көп балалы отбасылардың, ана мен баланың қорғалуы - біздің еліміздегі әйелдерді қолдауға жасалып жатқан ип шәрәлардың бірі ғана.

Қазақстан бүгінде - ана мен балаларды қорғау жөніндегі көптеген халықаралық конвенцияларға мүше мемлекет. Тәуелсіз мемлекетіміз қоғамдық құрылымымыздың барлық саласында әйелдердің еңбек етуін қамтамасыз етеді. Қазір мемлекеттік қызметкерлердің 50 пайыздан астамын әйелдер құрайды. Қазақстандық әйелдердің ғылымдағы, өнердеп, қоғамдық өмірдегі жеткен биіктері мен белсенділігіне бүгінде еркениетті елдер қызыға қарайды. Қазақстандық әйелдер отбасының, мемлекеттің, тәуелсіз Отанымыздың игілігі жолында аянбай тер төгіп, елдің саяси, әлеуметтік, рухани өмірінде табысты еңбек етіп келеді. Біздің үлкен ұжымымызда да бүгінгі таңда әйелдер саны басым. Әйелдің отбасындағы рөлі мен қоғамдағы орны да ерекше екендігі ақиқат.

Баршаңызды кектемнің өдемі де сәнді, әрі сұлу мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен тағы да шын жүректен құттықтай келе, отбасыларыңызға амаидық, деңдеріңізге саулық, жұмыста шығармашылық табыс тілеймін!

Бибігүл ӘБЕНОВА,
университет ректоры міндетін атқарушы,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қазақстан Педагогикалық ғылымдар
Академиясының корреспондент-мушесі



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



АРУ вошел в состав Международного инновационно-производственного консорциума

2 стр



Университет студенттерінің Астанаға сапары

3 бет



Оқу үрдісін дамытудың жаңашыл бағытында тәжірибемен алмасты

6 бет



«Ескі толқын жаңғырығы» атты ретро әндер байқауы өтті

8 бет



Факультетаралық КВН ойындары

8 бет

ОТДЕЛ НАУЧНО-ИННОВАЦИОННЫХ ПРОГРАММ В ФЕВРАЛЕ Т.Г. УСТАНОВИЛ СОТРУДНИЧЕСТВО С КРУПНЫМ МЕЖДУНАРОДНЫМ ИННОВАЦИОННО-ПРОИЗВОДСТВЕННЫМ КОНСОРЦИУМОМ, ВОЗГЛАВЛЯЕМЫМ ДОКТОРОМ ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРОМ, СОВЕТНИКОМ РЕКТОРА КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ, ПРЕДСЕДЕТЕЛЕМ СОВЕТА ДАННОГО КОНСОРЦИУМА АН ЕВГЕНИЕМ АЛЕКСЕЕВИЧЕМ.

АРГУ ВОШЁЛ В СОСТАВ МЕЖДУНАРОДНОГО ИННОВАЦИОННО-ПРОИЗВОДСТВЕННОГО КОНСОРЦИУМА



28 февраля 2017 г. д.э.н, профессор Е.А. Ан посетил АРГУ для обсуждения перспективных задач научно-производственного сотрудничества и подписания Соглашения.

В свете новых требований к научно-инновационной деятельности вузов и ученых, рассматриваются возможности по научной кооперации с крупными промышленными и научными организациями, решению вопросов коммерциализации технологий.

В рамках встречи был организован презентационный семинар «Управление инновационными процессами. Модель открытых инноваций, технология инновационного инжиниринга», на котором приняли участие и.о. ректора АРГУ Б.С.Абенюва, и.о. проректор по НИРиМС Р.А.Бекназаров, нач. Отдела НИП А.К.Мырзашова, руководители ФАО «НЦПК «Өрлеу» - и.о. директора Н.М.Абишева, зам. директора Н.К.Кибатаева, руководители научных структур, факультетов и ученые АРГУ.

АРГУ, как член Консорциума, примет участие в разработке проектных решений на производственные задачи, поставленные сегодня крупными промышленниками РК и СНГ, также являющихся партнерами в составе данного Консорциума.

Алтын МЫРЗАШОВА,
начальник отдела научно-инновационных программ



Маңызды кездесу

Университетіміздің педагогика институтының ұйымдастыруымен «Нұр Отан» партиясының хатшысы Зауытбек Қауысбекұлымен кездесу өтті. Бұл шараға институттың профессор-оқытушылар құрамы, мемлекеттік қызметкерлер және студенттер қатысты.



Кездесу барысында Қазақстанның қалыптасуы туралы фильм көрсетілгеннен кейін Зауытбек Тұрысбеков Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы мен нығаюы мәселелеріне арналған баяндамасын жасады. Ол Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан егеменділігін нығайтудағы, сондай-ақ, ішкі және сыртқы саясаттың басқа да маңызды мәселелері бойынша қосқан айрықша үлесін атап айтты. Мемлекет басшысының шекаралас елдермен және әлемдік танымал орталықтармен мемлекетаралық байланысты нығайтудағы сындарлы саясатын бұл өз кезегінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің беки түскендігіне ықпал еткеніне ерекше назар аударды.

Студенттер Зауытбек Қауысбекұлына сұрақтар қойып, оған тұшымды жауаптар алды. Жастар өз пікірлерінде ортаға салып, кездесу соңында қонақпен естелікке суретке түсті.

Айгерім КУБЕКОВА,
бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 1 курс студенті

Елбасы Жолдауы - ел болашағы

Филология факультетінде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелдің мақсаты – Елбасының идеясын насихаттау арқылы жастар арасында ұлттық сананы қалыптастырып, патриоттық сезімдерін ояту, іскерлік қабілеттерін арттыру.

Аталмыш іс-шараға тарих ғылымдарының докторы, доцент Жанжіпт Орамах, саясаттану магистрі Орынбасар Мұхитов және факультет студенттері қатысты. Жанжіпт Орамах студенттерге Жолдаудың ерекшелігі мен маңыздылығын ұғындырып, онда айтылған мәселелерді жүзеге асыруда жастарымыздың ролі ерекше екендігін айтса, Орынбасар Мұхитов Президент Жолдауында көрсетілген басымдықтарға тоқталып өтті.



Студенттер ұлттық идеяға байланысты өз ойларын ортаға салып, жолдаудың ел болашағы үшін маңызды жақтарын және жастарға бағытталған тұстарын, білім саласына, үштілділікке қатысты жерлерін талқылады.

Жиын соңында қатысушылар ҚР Президентінің Жолдауы еліміздің одан әрі даму жолына мақсатты және айқын бағытталған бағдар бола алатындығы жөнінде ортақ пікірге келді.

Амангүл ДОСМҰХАММЕДОВА,
филология факультетінің 1 курс студенті

Жолдауды жастар талқылады

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің студенттер үйінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауын талқылауға арналған тәрбиелік шара өткізілді. Пікір алмасу мақсатында ұйымдастырылған шара білім беру педагогикасы және психология кафедрасының аға оқытушысы Р.Ж.Досмырзаның және «Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистранттары жетекшілігімен өтті. Талқылауға жатақханада тұратын студенттер де қатысты.

Шара барысында жиналған жастар мемлекет басшысының кезекті Жолдауындағы негізгі басымдықтардың бірі - адами капитал сапасын жақсарту мәселесіне ерекше тоқталды. Жолдауда атап көрсетілгендей, жастардың заман талабына сай білімді болуы, ұстаздың деңгейі, білімге, өнерге, ғылымға деген қызығушылық қоғамды адами капиталға бастайтын негізгі қадам екендігі баса айтылды.

Марина АМАНЖОЛ,
«Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистранты



Жұбановтану

«ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ» КОНЦЕПТІСІ ЖҰБАНОВ зерттеулерінде

...Қазақ тіл білімінде гендерлік лингвистиканың алғашқы ғылыми және танымдық бастау көзін анықтаған бірден-бір тұлға Қ.Жұбанов: «Ертедегі ата-бабаларымыздың ескі салт, кене дәстүрінде әйелдерге кемсітушілік көзбен қараушылық болмаған. Ел аузында: «қыз баланың жолы жіңішке» дейтін үлгілі сөздер бар. Сонымен қатар, ескіден келе жатқан ата-дәстүр бойынша көштің алдына әйелді отырғызатын да заң болған»,- деп жазған. Бұл ғалымның қазақ халқының ата-бабаларының ежелгі салты бойынша көшті бастап келе жататын әйелдің батырлығы туралы айтқандығы емес, ол қазақ мәдениетінде анаға деген үлкен құрметті көрсететін сондай дәстүрдің ерте кезде болғандығын атағаны.

Осы дәстүрді бізге жеткізген Жұбанов тұжырымы гендерлік танымға қатысты көптеген тілдік талдаулардың бағыт-бағдарын айқындап, ғылыми парадигмаларды белгілеуге себеп болды. Мәселен, «ескі салт, кене дәстүрінде қазақ әйелдерге



Аллашқы профессор Құдайбергін мен жазғандығы
Құдайбергін Жұбановтың «Әйел» туралы зерттеулерінде

құрметтеушілік көзбен қараған», ұлт мәдениетінде қыз баланы өз үйінде жүрсен де, ол жат жұрттық адам, ертең басқа үйге кетеді, сондықтан еркін жүріп тұруы үшін «қонақ» деп санаған, оған әрқашан да өзі туған шаңырақтың төрінен орын берген.

«Әйел» концептінің құрылымдық элементі – Ана. Ұлттық танымда мысалы, «ана сүтін ақтау» деген тіркесте ананың балаға деген үміті мен ізгі тілегінен шығатын «ана сенімін орындады» деген ұғым жатыр. Сол сияқты, «Анаңды Меккеге алты рет жаяу апарсаң да, ақ сүтін ақтай алмайсың» деген тіркестен біз қазақ түсінігі бойынша баланың алдында аналық парызды өтеудің айрықша жауапкершілігі бар екенін сезінеміз, ұғамыз. Діни-моральдық тәрбиеде «Жұмақ анаңның аяғының астында»,- деген фразеологизм кездеседі. Сол сияқты қазақ мәдениеті ауқымында «Ел боламын десең, бесіңді түзе», «Анасын көріп, қызын ал» дейтін мақал-мәтелдер тұсында берілген тәрбие де әйел-анаға байланысты.

Қазақ ұлтының аса бай көркемдік ой-қуаты – әйелдер бейнесі туралы небір ғажап тағылымды сөз тіркестерін жасап, оны күнделікті өмірде пайдалануға мүмкіндік туғызады. Мысалы «Ақылды әйел ішінде алтын бесікті ұл жатар», - деген сөздер Құдайбергін мен Ахмет Жұбановты дүниеге әкелген Бибішынның да, талантты Жұбановтар әулетіне ғұмыр сыйлаған әзиз жан Раушан Оспанқызының да күллі қазақтың мақтанышына айналған ұлы аналар болғанын өлемге әйпегендей...

Г.Н.СМАҒҰЛОВА,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ профессоры,
филология ғылымдарының
докторы



ВСТРЕЧА СТУДЕНТОВ И МАГИСТРАНТОВ С ВЫПУСКНИКАМИ МЕЖДУНАРОДНОЙ ПРОГРАММЫ «БОЛАШАК»

25 ФЕВРАЛЯ 2017 ГОДА ПО ВСЕМ РЕГИОНАМ КАЗАХСТАНА ПРОВЕДЕН МАСТЕР-КЛАСС ПО ТРУДОУСТРОЙСТВУ ДЛЯ БОЛАШАКОВЦЕВ, МАГИСТРАНТОВ И СТУДЕНТОВ PRE-JOBFAIR. УЧАСТНИКОМ ЭТОГО МЕРОПРИЯТИЯ БЫЛ И НАШ УНИВЕРСИТЕТ. ОТДЕЛОМ ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ АРГУ ИМ.К.ЖУБАНОВА СОВМЕСТНО С АО «ЦЕНТР МЕЖДУНАРОДНЫХ ПРОГРАММ» МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РК ПРОВЕДЕНА ВСТРЕЧА МАГИСТРАНТОВ И СТУДЕНТОВ УНИВЕРСИТЕТА С ВЫПУСКНИКАМИ МЕЖДУНАРОДНОЙ ПРОГРАММЫ «БОЛАШАК».

Главной целью мероприятия является формирование магистрантов и студентов с правилами отбора претендентов для присуждения международной стипендии «Болашак» и построение карьерного роста выпускников программы «Болашак», магистрантов

подаватель Р.С. Якудина, К.С. Балгазин рассказал участникам встречи о своем пути в «Болашак» и своей истории успеха. Куаныш Балгазин получил образование в Дублинском университете (Ирландия) по специальности «инженер-механик», в настоящее время

магистрантами своим опытом и ответили на вопросы аудитории. Присутствующие получили разъяснения на интересующие их вопросы о программе «Болашак», об организации учебы за рубежом, требованиях предъявляемых к претендентам.



и студентов. Модератором встречи выступил и.о. проректор по НИР и МС Р.А.Бекназаров.

Гостями встречи были выпускники программы «Болашак» - проектный инженер ТОО «Тенгизшевройл» - К.С.Балгазин и преподаватели университета - профессор, кандидат педагогических наук А.А.Тасимова, доцент, кандидат филологических наук Г.Д.Рысмагамбетова, магистр экономических наук, старший преподаватель А.Ж.Тасмамбетова, магистр государственного и местного управления, преподаватель М.К.Шакибаев, магистр менеджмента, пре-

мия трудится проектным инженером в ТОО «Тенгизшевройл». Во время выступления К.С.Балгазин обратил внимание аудитории на уникальные возможности международной программы для самореализации, важности получения качественного образования, отвечающего современным требованиям и вызовам современного мира, а также поделился своим опытом подготовки к сдаче IELTS и другим отборочным турам для присуждения стипендии «Болашак».

В ходе встречи преподаватели АРГУ им.К.Жубанова - выпускники программы «Болашак» поделились со студентами и ма-

Участникам встречи был продемонстрирован видеоролик, в котором управляющий директор по персоналу АО «Казпочта» А.Найзабекова рассказала о том, как эффективно использовать современные способы и ресурсы для поиска работы и как правильно наметить карьерные точки.

Участники Pre-JobFair смогли получить практические советы по составлению грамотного резюме, самопрезентации на интервью с работодателем и по наращиванию профессиональных компетенций.

Куралай БАЛГИНОВА,
начальник отдела
послевузовского образования

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ АСТАНАҒА САПАРЫ



Жақында университетіміздің оқу озаттары мен белсенді студенттерінен құралған 19 студент студенттерімен және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің басшысы Айгүл Қожбан және СЖЖЖ бөлімінің маманы Данагүл Базарбаевалардың жетекшілігімен Астана қаласында өткен «Әлемді өзгертетін идеялар». «Қазақстан жолы: мәңгілік ел» атты семинар-тренингке қатысып келді.

Бұл сапар жайында Данагүл Базарбаева: «Се-

минар екі күнге созылды. Семинарды ұйымдастырушылар бізді жақсы қарсы алды. Алғашқы күні «Мәңгілік ел» жолында: тарих пен тағылым», «Саяси елшем: Тәуелсіздік және Ұлттық Қауіпсіздік» тақырыптарында философия ғылымдарының докторы, профессор Фазиз Тегебаев, тарих ғылымдарының кандидаты Сағынтай Бердағұловалар дәріс оқыса, екінші күнінде тренинг жаттығулар өткізу арқылы студенттерге тап-

сырмалар беріліп, жастардың білімдері сыналды. Студенттер бұл жолғы сапардан көп нәрсені үйреніп, ездері сенді белсенді жастармен танысып, тәжірибе жинақтап қайтты» дейді.

Студенттер оқу ордамызға келген соң университетіміздің тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөнінде проректоры Мұхтар Мировтың қабылдауында болып, семинардан алған әсерлерімен бөлісті. Әсіресе, жастар Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне және Қазақстан республикасы Тұңғыш Президенті музейіне жасаған экскурсиядан ерекше әсер алғандықтарын жеткізді. Сонымен бірге студенттер қолдау көрсеткен университет басшылығына, жетекші апайларына деген алғысын білдірді.

Жадыра АРЕН



Рахым БЕКНАЗАРОВ,
ғылыми-инновациялық жұмыстар және
халықаралық байланыстар жөніндегі
проректордың міндетін атқарушы

Әйел әрқашан халықтың ар-ожданы, ізгілік, нәзіктіктің және дархан көңілдің көрінісі болып келді және болып қалмақ, бүгінгі мереке оларға деген шынайы құрмет белгісі.

Әйел өзінің табиғатынан-ақ кішіпейілділіктің, жоғары адамгершіліктің және мейірімділіктің айнасы. Сондықтан ол бүкіл қоғамның арқауы ретінде келісім мен тұрақтылықтың нығаюына ықпал етеді.

Шығыста: «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді», - дейді. Тәуелсіз еліміздің ұл-қыздарын тәрбиелеп, азаматтарға сенімді тәрік болып, қоғам ісіне білек сыбана кірісіп, қиын қыстау кезде демеу болып жүргендеріңіз үшін әйел қауымына алғыс айтамын.

Көктемдегі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен әр шаңырақты шаттыққа бөлейін анапар мен қыз-келіншектердің қуанышына ортақпын.

«Ер елдің иесі, әйел – үйдің киесі», - дегендей отбастарыңыздағы береке-бірлікке, өмірдегі әсемдік пен нәзіктікке жолбасшы бола жүріп, айналасына инаттылықтың нұрын сепкен аналарымыз бен аруларымызды шын жүректен құттықтаймын!



Мұхтар МИРОВ,
тәрбие жұмысы және
әлеуметтік-экономикалық
мәселелер жөніндегі проректор

Аяулы анапар! Ардақты апа-қарындастар!

Көктемгі күннің көзіндей жылы жүзді, тұла бойын сұлулық тұңғаң арқаның ажарындай нұрлы да келбетті, қызғалдақтай алаулаған аруларымызды көктемнің шұғылалы мерекесі 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

Осы мерекенің иелері, бар адамзаттың табынары мен киелері, қуаңғанда қасыңнан табылып, қиналғанда сүйенері, мейірімділік пен тыныштықтың жаршылары, адамдық пен адамгершіліктің

рауғаштың сәліндей мөл-мөлдір тамшылары, сүйкімді қылығымен сағындырған әсем көрікпен жүрегінің өртімен небір дана мен данышпаңдарды табындырған жанашыр болып, бірге күйетін аяулы асылдарымыз, мерекелеріңіз құтты болсын!

Қазақ халқының бүгінгі күнге аман-есен жетуі, ұлт болып ұйысып отыруы, ең алдымен әйелдердің арқасы десек, артық айтқандық болмас.

Қазіргі таңда қоғамның түрлі саласында қажырлы еңбек етіп, ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің шыңына көтерілген мемлекетіміздің дамуы мен өркендеуіне парасаты мен пайымың біліктілігі мен әлеуметтілігің, танымы мен талғамын аямаған әйел аз емес. Ұрпақ тәрбиелеуде ғана емес, билік пен бизнесте, саяси-экономикалық және әлеуметтік ахуалды ер азаматтарымен иық тірестіре жүрген қыз-келіншектер – бүгінгі ел мақтанышы.

Әрқашан отбасыңыздың ажары, жүрген орталарыңыздың базары болыңыздар! Пәле-жала, жамандық атауы келмесе кетсін асыл да таза махаббат жүрегіңізден мәңгілік орын алсын! Сіздерге дүниедегі барлық жақсылықты тілеймін! Әр тандарыңыз арайлап атып, күндеріңіз нұрға толсын!



Төлеген БОТАФАРИЕВ,
оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі
проректор

Университеттің құрметті де қымбатты әйелдер қауымы!

Сіздерді келе жатқан Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздер біздің университеттің ең мақтанатын көрінісі, имиджі, ең әдемі ханымдарысыздар! Бәріңізге жеке бақыт, шығармашылық табыс, мықты денсаулық тілеймін. Әрқашан да көктемдегі гүлдер сияқты жарқырап, құлпырып жүре беріңіздер! Отбасыларыңыз аман болсын! Сіздердің арқапарыңызда біздің университетіміз ерқашанда биіктерден керіне берсін!



Абзал МҰХТАРОВ,
оқу процесін ұйымдастыру
басқармасының бастығы

Құтты болсын алғаш көктем мерекесі, қыздар – символ әдемілік, өл еркесі. Отбасында бірлік болар, олар барда, Еліміздің арта берер берекесі.

Құттықтаймыз оқытушы қыздарды біз, Бірге өткіздік ұзақ ғұмыр, жылдарды біз. Мамандарды дайындауда үлесі мол, імерекенмен, ұстаз, ана, қыздарымыз!

Көктем келіп, күннің көзі нұр септі, Арқалаған ауыр жүкгі, міндетті. Құттықтаймыз ер азаматтар атынаң, Ұстаз, ана, әріптестерді құрметті!

ҚОС МЕРЕКЕ ИЕЛЕНГЕН ЖАНДАР


Көктемнің алғашқы шуақты күндерімен бірге келетін ең әсем мерекелердің бірі 8-наурыз – Халықаралық әйелдер мейрамы. Шуақты мереке, көркем мереке, ардақты аналардың, аяулы арулардың мерекесі.

Біз - қазақ деген ұлы халықтың ұрпағымыз. Қыз Жібек пен Баян Сұлудың, Мәншүк пен Әлияның сіңлілеріміз. Ана - тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. «Ат биөдең апып анадан туады», - дейді халқымыз. Дүниеде анасыз адам жоқ. Қаламы жүйрік жазушы да, данышпан ғалым да, ел бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де ана көкірегінен нәр алып өскен. Ана - барлық өмірдің бастауы.

Еңдеше осындай ерекше күнде дүние есігін ашқан жандар туған күнін қалай тойлайды екен. Оқу ордамыздың үлкен ұжымынан 8 наурызда дүниеге келген жандарды іздеп көрдік. Оларды таптық та. Қос мереке иелеріне бірнеше сұрақтар қойған едік.

1. Туған күніңіздің 8 наурызда болғаны өзге күндерден ерекше деп есептейсіз бе?
2. Бұл күнді қалай тойлайсыз?
3. Ерекше сыйлық алған кезіңіз есіңізде ме?
4. Аналарға, ару қыздарымызға арналған тілегіңіз?

ЕРЕКЕШЕВА Меруерт Мыңтұрғанқызы,
информатика кафедрасының оқытушысы,
физика-математика ғылымдарының кандидаты,
доцент



1. 8 наурыз – Халықаралық мейрам. Бұл күнді отбасы берекесі мен ұйытқысы болып отырған ақ шашты қариядан бастап балабақшадағы бүлдіршіндерге дейін асыға күтеді. Бұл күн әжелеріміз, аналарымыз, өпкелеріміз, сіңлілерімізге жақсылық тілейтің сыйлық тарту ететін күн. Сондықтан да туған күн емес, 8 наурыздың өзі ерекше мейрам деп айтар едім.

2. Туған күнімді отбасында тума-туыстармен жақын достармен үйде қарсы аламын. Арнайы қонақ шақырмаймын. Мейрам болғандықтан шығар құттықтаушылар көп болады.

3. Негізінде ерекше немесе тосын сыйлықтар алған кездерім көп. Соның бірі - студентім Фаризаның туған күніме арнап шығарған елең-жырлары.

4. Шығыста: «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді», - дейді. Еліміздің ұл-қыздарын тәрбиелеп, азаматтарға сенімді тәрік болып отырған аналарымызды жыл мезгілінің ең көрікті де қуанышты мезгілі, көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге денсаулықтарыңыз мықты болсын, құшақтарыңыз гүлге толсын деген тілепмізді білдіремін.

Дүниеде ең кемеңгер дананы, Ана табады, аялайды, бағады. Сол үшін де құдіретіне бас иіп, Құрметтеік қасиетті –ананы!

АЙДАРОВА Ақмарал Зияшқызы,
география кафедрасының аға оқытушысы



1. Жалпы әр адамның дүниеге келген күні өзі үшін ерекше деп ойлаймын. Әрине, менің туған күнімнің осы бір мерекемен сәйкес келуі де бекер емес шығар. Менің әйел ана, ұстаз, әже ретінде белгілі жетістіктеріме осы күні дүниеге келуімнің де өзіндік әсері бар екеніне сенемін. Осыдан 55 жыл бұрын шыр өтіп жарық дүниеге 8-наурыз күні келуім менің қазіргі сүріп отырған өмірімнің жарқын бастауы болды деп айтсам артық болмас.

2. 8 наурызда біздің жанұямызда міндетті түрде қонақ күту дәстүрге айналған. Бұл күні жақын

жердегі тума-туыс, дос-жаран мерекелік дастархан басына жиналса, алыстағыларынан толассыз телефонмен құттықтаулар келіп жатады. Осы күні айтылатын жақындықтар мен жақсылардың тілектерінің тек қабыл болуын қалаймын.

3. Мереке мен туған күні сыйлықтар сыйланатыны анық. Мен ерекше сыйлық деп осыдан 9 жыл бұрын баламның дәл осы күні шаңырағымызға келін өкелуі деп айтар едім. Қазір осы «сыйлықтың» арқасында Диляра, Аслан деген сүйкімді немерелердің әжесімін.

4. Бүгінгі мүмкіндікті пайдаланып барлық аналарға амандық, денсаулық, қуанышты сәттері мол ұзақ ғұмыр тілеймін!

ТАҒАНОВА Ару Мерекеевна, білім беру педагогикасы және психологиясы кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты




1. Алланың сыйға тартқан әр күні мен үшін ерекше күн. Ал туған күнімнің 8 наурызда болғаны әрине ерекше, себебі мені АНАМ күлім деген көктемнің алғашқы мерекесі, арулар мерекесі – 8 наурызда дүниеге өкелді ғой. Анамамың алғыс.

2. Бұл күнді отбасында атап өтеміз.

3. Ақын Қ.Мырзалиевтің «Сыйлықтың жақсылығы бағасына байланысты емес», - деген қанатты сөзі бар ғой, мен үшін маған сыйға тартылған сыйлықтың бәрі құнды, бәрі бағалы.

4. Бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербеткен асыл аналарымыздың орны қашанда жоғары, осы мерекені пайдалана отырып, ақ жаулықты аналарымызды, апа-сіңлілерімізді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

ШАУКЕНБАЕВА Ақзада Қалқабайқызы,
информатика кафедрасының оқытушысы



1. Әрине, ерекше деп есептеймін. Себебі, 8 наурыз мейрамы менің туған күнім екендігін өстеріне алып, кластастарым, группаластарым, таныстарымның ешқайсысы ұмытпай құттықтайды және туған күнім ешуақытта жұмыс



күніне сәйкес келмейтін болғандықтан олардың телефонмен де, үйге келіп те құттықтауға мүмкіндіктері мол.

2. Бұл күнді мейрам ретінде де, туған күн ретінде де қабылдаймын, ол күні туған күн шарасына байланысты, анамнан басқа ешкімді құттықтауға мүмкіндігім бола бермейді.

3. Осыдан 2 жыл бұрын туған күнімнің алдында сәлемді жоғалтып алдым. Сәлемде екі ұялы телефоным, құжаттарым болды. Мерейтойға дайындалып жүрген едім. Мейрамханаға келісіп, қонақтарымды шақырып қойдым. Сол кезде құжаттарымды қайтадан дайындап жүріп ұялы телефон алуға бара қойған жоқпын. Жұмыста құрбым Шынар «ұялы телефон алдың ба», - деп сұрай береді. Мен оған «Туған күнімді тойлайын деп, қапылып жатқанда ұялы телефон алу қайда» - деп, кейіп қоямын. Әрі ұялы телефон алу үшін қаражатқа да қарайсың ғой. Сейтсем, ол маған телефон алып беруді ойлап жүр екен. Құрбым туған күніме көрмет ұялы телефон сыйлады. Оны туған күнімде алған ерекше сыйлығым деп есептеймін.

4. Аналарымыз аман болсын! Ауырмасың, ұрпақтарын тәрбиелеп, қызығына тоймай жүре берсін! Кектемнің осынау шуақты мерекесі кеңілдеріңізді нұрға, жүректеріңізді жырға белесін!

ҚОҢЫРАТБАЕВА Назгүл Серікқызы,
филология факультетінің хатшысы



1. 365 күннің ішінде мен үшін ерекшесі - 8 наурыз. Бұл күн аналардың, қыз-келіншектердің мерекесі екені ез алдына, менің дүниеге келген күнім. Туған күнімнің осындай мерекемен тұспа тұс келуі мен үшін ерекше. Себебі, езімді анамның 8 наурызда алған ең маңызды сыйлығы деп есептеймін.

2. Бала кезімде ата-анамның достарымен бірге атап ету отбасылық үрдіс болатын. Ал қазіргі кезде құрбы-құрдастарыммен бірге атап өтемін.

3. Ерекше сыйлық алып көрмедім. Аяйда, мен үшін ең басты сыйлық - анамның маған жарық сыйлаған өмірі.

4. 8 наурыз - біздің жүрегімізді шуаққа бөлейтін анамыз алақаны сияқты кектемнің алғашқы мерекесі. Табиғаттың сянуы осынау шуақты мерекеден бастау алатыны тегін болмаса керек. Сондықтан барша аяулы аналарымызды, әріптестерім мен құрбы-құрдас, замандастарымды мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Дендеріне саулық, отбастарына береке тілеймін! Ұл-қыздарының қызықтарына тоймай, аман-есе жүре берсе деген тілегімді жолдаймын.

Муса ШАШТЫҒАРИН,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. Бейнелеу өнері және кәсіптік білім кафедрасының оқытушысы



8 наурыз - ер азаматтардың наза-рынан тыс қалмайтын мерекелердің бірі. Осы күнді ақ шашты қариядан бастап жас жеткіншектерге дейін асыға күтеді. Бұл күн - отбасы береkesі мен ұйытқысы болып табылатын біздің анапарымыз, жарымыз, апапарымыз бен қыздарымызға жарқын кеңіл мен жақсылық тілейтін күн. Сіздер ездеңіздің ізеттіліктеріңізбен, сыпайылықтарыңызбен өмірді шуақтандырып, жақындарыңызбен туыстарыңызға жылу сыйлайсыздар. Әлемде нәрестеге өмір сыйлап, оны алғашқы қадам басуға үйрететін қасиеттеріңізге тең келер нәрсе жоқ.

Сіздердің төзімділіктеріңізбен махаббаттарыңызға алғысымыз шексіз! Сіздерге сәттілік пен шаттық кеңіл серік болсын, ер азаматтардың сыйластығы мен құрметіне белең беріңіздер!

Кектемп мерекелеріңізбен құттықтай отырып, әрдайым өдемі, абыройлы атақтарыңыз биіктей берсін. Зор денсаулық, мәңгі жастық пен сұлулық тілеймін!

Руслан ШОҚАНОВ,
педагогика ғылымдарының кандидаты, дене мәдениетінің теориялық негіздері кафедрасының меңгерушісі



Сіздерді Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Осы бір тамаша кектеп мерекесі әйелге тән өдемілік пен нәзіктікті мәңгі белгісі сияқты. Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі.

Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі.

Қымбатты ханымдар! Сіздердің атыңызға айтылатын алғыстар мен жылы сөздер ешуақытта толастамасын! Кектептің басымен келетін мерекелік кеңіл-күй Сіздердің сергектеріңізбен күш-жігерлеріңіздің қуат кезіне айналсын. Сіздерге және отбасыларыңызға әрқашан бақыт және сәттіліктер тілеймін!

Ерболат ДҮЗМАҒАМБЕТОВ,
аккредиттеу және рейтинг белімінің бастығы



Қымбатты ханымдар!
Шұғылалы кектептің алғашқы мерекесі Халықаралық әйелдер күні мейрамымен шын жүректен құттықтаймын.

Ел мерейінің үстем болуында нәзік жандардың еселі еңбегі мен қажырлы қайратының үлесі мол. Ездеңіздің табиғи ұқыптылықтарыңызбен жоғары жауапкершіліктеріңізбен университетіміздің дамуына үлкен үлес қосып келесіздер. Осы қызметте қанаттарыңыз талмасың, шығармашылық табыс тілеймін. Кектептің осынау шуақты мерекесі кеңілдеріңізді нұрға, жүрегіңізді жырға белесін. Сіздерге және отбасыларыңызға әрқашан бақыт және сәттіліктер тілеймін! Кектеп мерекесі кеңілдеріңізге қуаныш сыйлап, жүздеңізге нұр шашсын!

Ануар ҚАЛЕНОВ,
талдау белімінің бастығы



Сіздерді ару көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Кектептің түлдідей құлпырып, өсемдіктің, өдеміліктің, өдептіліктің иесі болып, бақытты да баянды өмір кешіңіздер. Асыл армандардың орындалуың жан жадыратар қуаныштың мол болуың отбасы бақыты мен берекесі сарқылмауың денсаулықтың мұқалмауың тілеймін!

Әйел-Ана - өмірдің өзеп, тіршіліктің күре тамыры, ыстық ықылас пен ыждаһаттың, пектік пен тазапықтың қайнары. Еліміздің сән-саптанаты мен Ақтөбеміздің мерейінің үстем болуында да қашаңда нәзік жандардың еселі еңбегі мен қажырлы қайратының қарымды үлесі жатыр. Олай болса, кектептің осынау шуақты мерекесі кеңіліңізді нұрға, жүрегіңізді жырға белесін.

Бетті дайындаған
Жадыра АРЕН,
Сандуғаш ДҮЙСЕНБАЕВА

ӘЛЕМ 8 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН ҚАЛАЙ ТОЙЛАЙДЫ?



АНАЛАР МЕН НӘЗІК ЖАНДЫ ҚЫЗДАР ҚАУЫМЫНЫҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ 8 НАУРЫЗДЫ ӘЛЕМ ХАЛҚЫ ТҮРЛІШЕ АТАП ӨТЕДІ. БІРІ ЕЛІМІЗДЕПДЕЙ АЙЫРЫҚША КӘЖІЛ БӘЛІП, ӘЙЕЛДЕРДІ ҚУАНТУҒА АСЫҚСА, ЕКІНШІЛЕРІ БҰЛ МЕРЕКЕНІ ЕРЕКШЕ ЕТУГЕ ТЫРЫСАДЫ. ОЛАЙ БОЛСА, БҰЛ МЕРЕКЕНІ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІ ҚАЛАЙ АТАП ӨТЕТІНІН БІЛЕ ЖҮРІҢІЗДЕР.

Германия. Неміс халқы 8 наурызда демалмайды. Бұрындары Шығыс Германия бұл мерекені атап өтіп, нәзік жандыларды құттықтайтын. Ал Батыс Германия бұл мерекені туралы ештеңе білмейтін. Екі Германия біріккеннен кейін, 8 наурыз мерекесі кең көлемде тойланбайды. Германияда мамыр айында «Аналар күні» атап өтіледі. Бұл күні ақ жаулықты аналар мен әжелер үй шаруасынан босатылады.

Польша. Поляк халқы нәзіктер сияқты бұл күні демалмаса да, кеңес дәуірінен келе жатқан 8 наурыз мерекесін ұмытқан жоқ. Бұл күні поляк ер-азаматтары нәзік жандыларды мерекемен құттықтап, бәйшешек, қызғалдақ сияқты кектеп гүлдерін сыйлайды.

Вьетнам. Әйелдердің мерекесі бұл елде 200 жылдан астам уақыт атап өтіледі. Бұл мерекені өртеде «Чыңг апалы-сіңгілерін еске алу күні» деп аталатын. Чыңг апалы-сіңгілер соғыс кезінде вьетнам халқының бостандығы үшін күрескен болатын. Жәңгістен соң, оларды еске алу күні 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне ауысты. Бұл күні әйел азаматтарға игі тілектер айтылып, сый-құрмет көрсетіледі.

Франция. Франция елінде 8 наурыз мерекесі мемлекеттік мәртебеге ие болмағандықтан, бұл мерекені кең көлемде атап өтілмейді. Бұл күн ресми түрде демалыс болмағандықтан, француз халқының қыз-келіншектері игі тілектерді естумен шектеледі. Кел жағдайда бұл мерекені орыс тілді аймақтарда тұратын жандар мен коммунисттер тойлайды. Француздар «Аналар күні» мамыр айында, «Әжелер күні» наурыз айының алғашқы жексенбісінде атап өтеді.

Италия. Италия халқы 8 наурыз мерекесіне бейресми мерекені болғанына қарамастан, аса мән береді. Алайда, бұл мерекені нәзік жандылар ер азаматтармен қатар атап өтпейді. Италия сұлқымдары тел мерекелерін өзара мейрамханалар мен кафелерде тойлап, бір-біріне сый-кәделер тарту өтеді. Кешкі уақытта ойын-сауық мекемелеріне әйел азаматтар тегін кіре алады. 1946 жылдан бері бұл мерекенің нышаны мимоза гүлі болып табылады. 8 наурызда әйел азаматтарға сары түсті мимоза гүлдерін сыйлау дәстүрге айналған.

Болгария. Болгарияда 8 наурыз мерекесі ұлттық мерекені болып саналмайды. Алайда, әйелдерді құттықтау дәстүрге айналған Болгар халқы бұл мерекені кеңес дәуірінің жаңғырығы деп қабылдайды. Әйелдерге жылы лебіздер айтылып, көде сыйлар табысталады. Бір қызығы, бұл мерекені әйел азаматтар ерекше мән беріп, бір-бірін құттықтап жатады.

8 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ӘР ЕЛДЕ ӘРҚАЛАЙ АТАЛЫП ӨТКЕНМЕН, ОЛАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН БІР ЕРЕКШЕ СЕЗІМ БАР. ОЛ – НӘЗІКЖАНДЫЛАРҒА ДЕГЕН МАХАББАТ. ЕНДЕШЕ, БАРША ӘЙЕЛ ЗАТЫН КӨКТЕПНІҢ АЛҒАШҚЫ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Самалхан ӘДІЛХАНОВА
Massaget.kz сайты негізінде дайындалды



БЕСЕДА С ФИЛОСОФОМ - ЭТО ВСЕГДА ВЫЗОВ ДЛЯ УМА

ПРОФЕССОР ВЕРНЕНСКОГО СВОБОДНОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. ЧЕРНОРИЗЦА ХРАБРА (Г. ВАРНА, БОЛГАРИЯ) НИКОЛАЙ БУЮКЛИЕВ В ТЕЧЕНИЕ НЕДЕЛИ СВОЕГО ПРЕБЫВАНИЯ В НАШЕМ УНИВЕРСИТЕТЕ УЧИЛ СТУДЕНТОВ К КРЕАТИВНОМУ ПОИСКУ ИСТИНЫ ЖИЗНИ. УЧЕНЫЙ ЯВЛЯЕТСЯ ДИРЕКТОРОМ БОЛГАРСКО-КАЗАХСТАНСКОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ФОРУМА. КРОМЕ РОДНОГО ЯЗЫКА ВЛАДЕЕТ ЕЩЕ РУССКИМ, АНГЛИЙСКИМ И НЕМЕЦКИМ ЯЗЫКАМИ. ПРОФЕССОР БУЮКЛИЕВ СЧИТАЕТ, ЧТО НЕОБХОДИМО ОБУЧАТЬ МОЛОДЫХ КРЕАТИВНОСТИ И ИСТОРИИ ФИЛОСОФИИ.

- Слово "философия" в переводе с греческого означает "любовь к мудрости". Она учит лучше мыслить, а следовательно лучше жить. Многие люди не воспринимают философию как науку. Ваше мнение по этому поводу.

- Философия неслучайно означает «любовь к мудрости, а не «любовь к знаниям». Потому пагубно стремление знать все или думать, что знаешь все. Мудрость скрывается в умении "знать" самое важное и понимать, «что ничего не знаешь». Об этом еще утверждал самый мудрый из всех древнегреческих философов – Сократ. Именно так, осознавая, что знание не должно быть самоцелью, а средством восприятия мира и людей в нем, мы превращаемся в истинных философов, осознавая, что постоянно должны учиться и развиваться.

- Философия не дополнительное знание, а размышление над тем, что знаешь, и именно поэтому Кант говорил: "Научиться философии нельзя - можно лишь научиться философствовать". А Вы учитите студентов к креативной философии.. Как это у Вас получается?

- С Кантом спорить не хочу, даже напротив. Именно пытаюсь привить у своих студентов – не желание «зубрить» философию, а желание размышлять над важными философскими вопросами. Хороший педагог всего лишь инициатор, ведущий по дороге философствования. Креативный подход именно такой – перестать пересказывать искаженно понимаемую философию. Моя цель подтолкнуть студентов к философствованию, к осознанию своего места в Жизни, Вселенной и во всем остальном.

- Многие знают о роли философии, но не умеют применять их в жизни. Вы работаете со студенческой молодежью. Каков уровень интересов у них к философии?

- Философию принимали как Царицу наук. Но философия не чистая наука, потому что знание в ней относитель-



но философия принималась как искусство. Но она не чистое искусство, которое можно созерцать и оценивать. Философия и не религия, потому что нет в ней Высшего авторитета, который твердил бы: "Это Истина. Это нет." Но настоящая, живая Философия это и Наука, и Искусство, и Религия, потому что точно воплощает человеческое стремление знать где, как и зачем жить на этом свете. Именно это я и пытаюсь показать в работе со своими студентами. Они это понимают и сами становятся философами, а не просто студентами, изучающие предмет «Философия».

- В какой аудитории легко Вам было выступать? Вы имеете опыт преподавания в казахстанских вузах. Побывали и в других странах. В сравнительном отношении, молодежь каких стран склонна к философствованию?

- Нет «умных» или «глупых» студентов, как и «подходящих» или «неподходящих» для философствования. От преподавателя зависит сможет ли вызвать интерес у своих студентов, «зажечь в них искру». Я очень доволен своими студентами в Казахстане – прилежные, воспитанные, интере-

сующиеся и быстро усваивающие информацию.

- В конце хотелось бы чуть больше узнать о Вашей педагогической и научной деятельности, а также о других Ваших интересах в жизни...

- У меня преподавательский стаж более 20 лет, начинал я с физики и математики, чтобы дойти до философии, психологии, риторики. Параллельно пишу учебники и художественную литературу, издаю и редактирую различные по содержанию журналы, руковожу командами по дебатам, занимаюсь спортом... Стараюсь быть разносторонне развитой личностью. Не многосторонней и не всесторонней. Когда у человека разносторонние интересы, у него есть шанс увидеть себя и жизнь под различными углами. Потому и принимаю себя как «философа». А это ничего более чем человек, который пытается понять «кто он?», «в каком мире живет?», «на что надеется?» и «какой смысл во всем этом?». Если и студенты, в целом молодежь, поймут эти простейшие, но важные вещи, то мир вокруг нас станет немного красивее и полнее.

Беседу провела журналист Гульнара КАРАША

ОҚУ, ҮРДІСІН ДАМЫТУДЫҢ ЖАҢАШЫЛ БАҒЫТЫНДА ТӘЖІРИБЕМЕН АЛМАСТЫ

Университетіміздің филология факультетінде қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен «Оқу үрдісінде интербелсенді әдістерді қолдану» тақырыбында жалпы университетішілік семинар өтті.

Семинарға оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Теләген Ботағариев, факультет деканы Сабыржан Мұхтаров, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Мира Балтымова және де құрметті профессорлар Әдебиет Молдаханов пен Баян Бораш, университетіміздің оқытушылары мен студенттері, қаламыздағы орта мектептің, гимназиялардың қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімдері қатысты.

Жиынды кіріспе сөзбен факультет деканы Сабыржан Мұхтаров ашты. Ол қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын даярлау оқу орнымызда кештеу қолға алынғанмен, қазіргі кезде толық негізі қаланған, іргетасы бекіген кафедралардың бірі екенін айта келе, семинар жұмысына сәттілік тіледі. Оқу-әдістемелік жұмыстар жөнінде проректор Теләген Әміржанұлы да өз кезегінде семинар жұмысының жоғары деңгейде өтуіне тіпектестігін білдірді.

Алғаш баяндаманы филология ғылымдарының кандидаты Мира Балтымова жасады. «Әдебиет пәндерін оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдері: маңызы, тиімділігі» тақырыбындағы баяндамасында Мира Рашидқызы алдымен қазақ әдебиеті кафедрасының негізі қалай қаланғанына, құрылымына тоқтала отырып, пәнді оқытуда жаңашыл әдістердің тиімділігі зор екендігін тілге

тиек етті.

Филология ғылымдарының кандидаты, қазақ әдебиеті кафедрасының доценті Файша Ниязова дәріс сабағын онлайн режимінде өткізудің маңыздылығына тоқталып, Міржақып Дулатовтың "Бақытсыз Жамал" романын студенттермен онлайн режимінде талдау жүргізгендігін мысал келтіріп, одан студенттер нәтижелі қорытынды шығара білгендігін алға тартты.

Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Әлия Ұлықпанованың «Студенттердің тіл мәдениетін қалыптастырудағы шешендік шеберліктің рөлі» тақырыбында жасаған баяндамасы да өте мазмұнды шықты. Ол шешендік шеберліктің жастардың тілдік қорын байытып, ойын дұрыс жеткізе білуіне тәрбиелітінін баса айтты.

Қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы Гүлжан Тәңірбергенова практикалық сабақтағы топтық жұмыстың тиімділігін студенттермен жұмыс жасау арқылы қызықты әрі түсінікті етіп көрсете білді. Шығарманы қысқаша мазмұнға сыйдырып талдай білген екі топ, қолданған әдістерінің тиімді және кемшілік тұстарын талқыға салды.

Филология ғылымдарының кандидаты, қазақ әдебиеті кафедрасының доценті Ақмоншақ Тілеуова «Блум таксономиясы бойынша сабақ жоспарын құру» тақырыбында тренинг өткізді.

Семинар жұмысы өте жоғары деңгейде өтті. Жиналғандар өздеріне қажетті көптеген ақпарат алып, жаңашыл бағытта оқытуда тәжірибе жинақтай түскендіктерін айтып, семинарды ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді. Барлық қатысушыларға сертификаттар табыс өтілді.

Жадыра АРЕН





День информации

С 20 по 25 февраля в читальных залах библиотеки Института педагогики и исторического факультета прошел День информации.

В мероприятии приняли участие преподаватели и студенты института педагогики и исторического факультета. Была представлена новая литература, периодические издания, поступившие в фонд библиотеки по истории, географии, туризму, психологии, педагогике, музыкальному, дошкольному и начальному образованию.

Гүлнара УНАЛБАЕВА,
директор библиотеки



Жаңа оқулық жарық көрді

Педагогика ғылымдарының кандидаты, ардагер ұстаз Күләш Әмірбаеваның «Қазақ халқының шешендік өнері» және «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы жарық көрді. «Қазақ халқының шешендік өнері» әдістемелік оқу-құралы 5B010300-«Педагогика және психология», 5B010100-«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие», 5B012300-«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтарына арналған Оқу-әдістемелік құралында пәннің мазмұны, дәріс сабақтар, практикалық жұмыс бағдарламасы, қолданылған әдебиеттер тізімі берілген. Сонымен бірге оқытушы кемелмен орындалатын өздік жұмыстар мен студенттердің өз бетінше орындайтын жұмыс түрлері ұсынылған.

«Көркем мәтінді лингвистикалық талдау әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы 5B010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», 5B010300 - «Педагогика және психология», 5B010100 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие», 5B012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтарына арналған Оқу-әдістемелік құралында көркем тексті тілдік талдаудың ерекшеліктері, міндеттері жазылып, талдау үлгілері берілген.

Оқулық аннотациясынан алынды

Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі



Осындай тақырыпта педагогика ғылымдарының кандидаты Гүлшат Бахтиярова мен педагогика және психология мамандығының 1 курс магистранттарының ұйымдастыруымен №2 студенттер үйінде тәрбиелік шара өтті.

Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулықты таныта білу, қазақ халқының әдет-ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді дәріптеу мақсатында еткізілген шараға жастар көп жиналды.

Кіріспе сөз алған Гүлшат Бахтиярова: «Қазақ қауымында қыз баланың орны айрықша. Ата-бабаларымыз қызды қонақ деп есептеп, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барыңша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған бірақ тым еркінсітпеген. «Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін», - дей отырып, «қызаға қырық үйден тыйым» жасаған. Өйткені, қыз болашақ ұрпақтың анасы», - дей келе, тәрбиелік шараны өткізуде ең басты мақсат - қазақ қыздарын жат қылықтардан сақтандыру, дұрыс бағыт-бағдар беру екендігін тілге тиек етті.

Басқосу барысында студенттер назарына қыз бала тәрбиесіне арналған бейнесюжет ұсынылып, жастар өз ойларын ортаға салды. Ұйымдастырушылар тарапынан берілген түрлі ситуациялық сұрақтар мен ойындарға да жастар белсене араласып, ынтылауды сыйлықтарына ие болды. Кеш педагогика институтының студенті Әділхан Убайдуллаевтың орындауындағы «Қарындасым» әсем өнімен аяқталды.

Ж. АРЕН

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛДЫ

ПРЕЗИДЕНТІМІЗ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ - БҮГІНГІ ЖАСТАР», - ДЕП АТАП КӨРСЕТКЕН БОЛАТЫН. ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕКҚОРЛЫҒЫНА, ТАЛАП ТІЛЕГІНЕ, АРМАН-МҰРАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ. ОЛАР АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДАН МҰРА БОЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ, ТАРИХИ ДӘСТҮРЛЕРІМІЗДІ ЖАҒҒЫРТЫП, ОНЫ АЛҒА БАСТЫРЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ЭКОНОМИКАСЫН, ҒЫЛЫМЫН ДАМУҒА, ЖІГЕРЛЕНЕ ЕЛ ҮШІН ЕҢБЕКТЕНУГЕ МІНДЕТТІ. БҮГІНГІ ЖАСТАРЫМЫЗДЫҢ САНАСЫНА ПАТРИОТТЫҚ РУХТЫ АРТТЫРУ, ЖАТ ҚЫЛЫҚТАН АУЛАҚ БОЛУҒА ҮНДЕУ, ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ-БАРЛЫҒЫМЫЗДЫҢ ОРТАҚ МАҚСАТЫМЫЗ.

Соған байланысты, университетімізде 2017 жылдың 22 ақпан күні тарих факультетінің студенттер және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің маманының ұйымдастыруымен жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу шарасы өткізілді. Шараның мақсаты – жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу және қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Аталған шараға – Ақтебе қаласы ІІБ ювеналды полиция бөлімінің аға инспекторы, майор Құрманбекова Ләйлә Беркінқызы, университетіміздің заң пәндері кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі Елубаева Бағдагүл Тыныштықызы, тәрбие жұмысы және жастар саясаты басқармасының бастығы Қаратаев Әлібек Анарбекұлы және талдау бөлімінің қызметкерлері мен университетіміздің студенттері қатысты.

Ләйлә Беркінқызы қазіргі кезде қазақ жастары арасында кездесетін құқық бұзушылықтар туралы баяндап, өз өмірлеріне бапта шауып жатқан жастар туралы мәліметтерді студенттердің назарына жеткізе отырып, жастарды мәдениетті, тәрбиелі азаматтар болуға шақырды. Білім алушы жастар Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм танымының заңдылықтарын игеру тиіс деген ойын жеткізді.

Ал Бағдагүл Тыныштықызы: «Ел болам десем, бесіңді түзе» дегендей, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жастар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін типсер еді. Сонымен қатар, әр азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу», - деді өз сөзінде.

Кездесу барысында студенттер арасындағы құқық бұзушылық іс-әрекеттерінің алдын алу, топтық төбелес, ұрлық, бопсалау жағдайлардың өзектілігін назарға алып, сонымен бірге аталған қылмыстардың алдын алу жөнінде айтылды.

Осы тақырыпта қатысушылар арасында сұрақтар қойылып, өз пікірлерін ортаға салды.

Жиын соңында қонақтар кез-келген құқық бұзушылықтың жақсылыққа апармайтындығын ескерте келе, студент жастардың оқуына сәттілік тіледі.

Сандуғаш БАЙҒҰЛҚЫЗЫ

МАСЛЕНИЦА ЧЕСТНАЯ, ЛЮДЯМ ВСЕМ ИЗВЕСТНАЯ!

Зима постепенно подходит к концу, и на пороге весны наступает время одного самых веселых праздников русского народного календаря — праздника проводов зимы и встречи весны - Масленицы. Этот праздник считается отголоском дохристианских времен, когда славяне еще были язычниками. В 2017 году Масленицу празднуют с 20 февраля до 26 февраля.

Масленичная или сырная неделя делится на два периода: Узкая Масленица и Широкая Масленица. Узкая Масленица включает в себя первые три дня недели: понедельник, вторник и среду; Широкая Масленица - последние четыре дня: четверг, пятницу, субботу и воскресенье. Каждый день имеет свое название: понедельник - встреча, вторник - заигрыши, среда - лакомки, четверг - разгул, пятница - тещины вечерки, суббота - золовкины посиделки и, наконец, воскресенье - проводы Масленицы, прощеньный день.

Кафедра русской филологии и межкультурной коммуникации организовала и провела мероприятия, целью которых стало приобщение к культуре русского народа. В течение праздничной недели прошли мероприятия на разных факультетах вуза.

Студенты 1 курса специальностей «5B060800-Экология», «5B011200-Химия», «5B060700-Биология», «5B011300-Биология» факультета естествознания приняли участие в праздновании русской Масленицы, которое было организовано доцентом Тереховой Ф.Е. и доцентом Жуминовой А.Б.

Начиная со «Встречи» и заканчивая «Тещиними вечерами», студенты факультета естествознания на занятиях русского языка ознакомились с культурой русского народа. Студенты с интересом приняли участие в различных играх и конкурсах. Сами студенты, а также гости мероприятия, среди которых были представители администрации факультета естествознания, преподаватели, студенты из КНР, обучающиеся по обмену на филологическом факультете, испробовали угощения и, конечно же, блины- главный символ Масленицы.

23 февраля 2017 года студенты 1-4 курсов специальностей «5B011800-Русский язык и литература», «5B012200-Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения» под руководством кураторов Имашевой И.А., Садретдиновой Т.А., Абдрахмановой



Г.К., Исламгапиевой В.Ж. отпраздновали Масленицу-2017.

Для проведения данного мероприятия организаторы подготовили для гостей разнообразную и насыщенную программу: увлекательные игры, конкурсы, вкусные угощения, зажигательную музыку и многое другое.

Мероприятие посетили не только студенты и преподаватели филологического факультета, но и студенты технического факультета. Особенно яркое впечатление произвел праздник на студентов из Синьцзянского университета финансов и экономики, обучающиеся на филологическом факультете по программе академической мобильности, которые с удовольствием отведали блинов – главное угощение недели, а также сфотографировались на фоне праздничного стола.

Задорные песни, шутки, игры и конкурсы, веселые скоморохи и, конечно же, чаепитие у русского самовара с блинами и другими вкусными угощениями оставили неизгладимые впечатления у студентов, потому что Масленица – это веселые проводы зимы, которые озарены радостным ожиданием приближающегося тепла, весеннего обновления природы.

Виктория ИСЛАМГАЛИЕВА,
к.ф.н. ст. преподаватель

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Ақсауле Тоқтарқызы!
«Ақпараттық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыз ету» кафедрасының ұжымы Сізді 50 жас мерейтойыңызбен ыстық ықыласпен құттықтайды!



Сіз біліктілігіңіз бен іскерлігіңізді орайлы ұштастыра отырып, білім беруісіне сүбелі үлесіңізді аянбай қосып келесіз және осы қалпыңызбен әрі қарай ерлей беріңіз!

Сіз бүкіл санапы өміріңізді жас ұрпаққа арнап, студент жастарға білім тұңғығынан нәр алдырып, қажырлылыққа, ізгілік пен адамгершілікке баулыдыңыз,

табаңдылықпен еңбек етіп, алдарына биік мақсаттар қоюды ұйретіп, егеменді еліміздің мыңдаған жас мамандарын оқытып, тәрбиелеуісіне орасан зор үлес қостыңыз.

Өз ісіңізге берілгендігіңіз бен кәсіби шеберлігіңіз, өділдігіңіз бен адамгершілігіңіз үшін әріптестеріңіз Сізді білікті маман, ақжүрек тұлға ретінде құрмет тұтып сыйлайды.

Қадірлі Ақсауле Тоқтарқызы, Сізге зор денсаулық, бақытты ғұмыр, еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беруіңізді және жанұяңызға бақыт пен амандық тілейміз!

Ақпараттық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыз ету кафедрасының ұжымы

РИЗАМЫН БҮГІНГЕ!

1 наурыз - Алғыс айту күні. Қайырымдылық дәстүрлерің, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық қерсеткен мейірімділік пен ақ кеңілділік, қолда бармен белісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні. Сонымен қатар, еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының күні.



Осы мерекеге орай экономика және құқық институтының №5 оқу ғимаратының кітапханасында «РИЗАМЫН БҮГІНГЕ!» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Экономика және құқық институтының топ кураторлары «Алғыс айту» күніне орай кітапханамен бірлесе отырып, кураторлық сағаттар өткізді. Сағат барысында ризашылық пен алғыс түсініктері, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілік мен сыпайылық қарым - қатынасты дамыту, әдептілікке, кішіпейілділікке және ізеттілікке тәрбиелеу секілді аса құндылықтар жайында мәселелер тапқыланып, әңгімелесулер жүргізілді, оқытушылар мен студенттер бір-біріне деген ризашылығын білдіріп, алғыстар мен игі тілектер ләбзімімен алмасты.

Университет кітапханашысы шара барысында студенттерге «Сіз кімге алғыс айтасыз?» деген сауалнама парақшаларын таратты. Сауалнама нәтижесінде студенттердің барлығы алдымен ата-аналарына, екінші ұстаздары мен достарына алғыс айтатындарын білдірді. Содан соң студенттерге, достарына және группаластарына алғыстарын, тілектерін білдіруі үшін смайликтер таратылып, бір-біріне жылы ләбздерін ұсынды.

Шынар НҰРФАЛИЕВА,
3 курс кураторы,
«Экономика және менеджмент»
кафедрасының оқытушысы



«ЕСКІ ТОЛҚЫН ЖАҢҒЫРЫҒЫ» АТТЫ РЕТРО ӘНДЕР БАЙҚАУЫ ӨТТІ

2017 жылдың 1 наурыз күні Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында тәрбие жұмысы және жастар саясаты басқармасы мен кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен «Ескі толқын жаңғырығы» атты ретро әндер байқауы өтті.

Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған шараға университет оқытушылары мен студенттерінен құрылған 6 жұп қатысты. Байқау екі кезеңнен тұрды. Бірінші ретте қатысушылар ретро әндерін орындаса, екінші кезеңде өз қалаған әндерін шырқады.

Қатысушылардың өнеріне баға берер өділ қазылар қатарында кәсіподақ ұйымының төрайымы Гүлнұр Зарлықова, халықаралық Дельфи ойындарының лауреаты, Еуразиялық «На Николаевской-2016» фестивалінің бас жүлде иегері Айгерім Жұмабек, Ф.Жұбанова атындағы филармония өншілері, халықаралық байқаулардың лауреаттары Бекен Серікбаев, Апма Адаханова және Бағдат Сейіт болды.



Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені техникалық факультетінің жұбы Нұрлан Қантарбаев пен Ақерке Жақас алды. Бірінші орынды – тарих факультетінің намысын қорғаған Нұржан Байгелдіұлы мен Болатбек Назерке, екінші орынды – экономика және құқық институтының атынан қатысқан Амандық Абуов пен Айгерім Адилбай, үшінші орынды – шетел тілдері факультетінің жұбы Айнуір Баядилова мен Ақллек Есенжолова иеленді. Сайысқа педагогика институтынан қатысқан Жанна Жүсіпова мен Данагүл Кәшкімбаева және физика-математика факультетінің жұбы Үзілхан Кемападинова мен Мұстафа Қапи да мадақталды.

Жеңімпаздар мен қатысушыларға ақшапай сыйлықтар табысталып, Мақтау қағаздарымен марапатталды.

Қалдыгул ШАЙМЕРДЕНОВА,
қоғаммен байланыс бөлімінің маманы



ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Университетіміздің дене тәрбиесі кафедрасының оқытушысы Айбек Габдуллин Щучинск қаласында Президенттік кепсайыстан өткен Қазақстан Республикасының чемпионатынан жүлделі екінші орынмен оралды. Қысқы Президенттік кепсайыс спорттың шаңғымен 10 шақырымға жүпру, мылтық ату және кермеге тартылу түрлерінен өтті.

Айбек Бекенбайұлы: «Бұл жолғы жарыста спорт шеберіне үміткер нормативін орындадым. Осы ретте жаттықтырушымы Шыңғыс Телеуовке айтар алғысым шексіз», - дейді. Спортшымызды жеңісімен құттықтап, биік жетістіктер тілейміз!

Өз тілшіміз



ФАКУЛЬТЕТАРАЛЫҚ КВН ОЙЫНДАРЫ

28 АҚПАНДА СТУДЕНТТЕР САРАЙЫНДА «УНИВЕРСИТЕТЛИГАСЫ» БОЙЫНША ФАКУЛЬТЕТАРАЛЫҚ КВН ОЙЫНДАРЫНЫҢ 1/2 БӘСЕКЕСІ ӨТТІ. АТАЛМЫШ ШАРАДА УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ 8 КОМАНДАСЫ БАҚТАРЫН СЫНАДЫ.

Филология факультеті «Бес саусақ», педагогика институты «Болашақ», жаратылыстану факультетінен 3 бірдей команда «Freedom», «Біздің нұсқа», «Глюкоза», техникалық факультет «Фромтех», шетел лдер факультеті «Арулы қыздар» командалары қатысты. Ойын «Сәлемдесу» және «Бір әуен аясында» өкі сайысынан тұрды. Әділқазы алқасында былтырғы факультетаралық КВН ойындарының чемпионы, «Филандия» командасының капитаны Нұртас Абиылгазин Республикалық Жоғары лига ойындарында бақтарын сынап жүрген және факультетаралық КВН ойындарының бас редакторы, «Фемида» командасының капитаны Есет Мұрзағазиев, тәрбие жұмысы және жастар саясаты басқармасының басшысы, жастар жанашыры, «К.И.О.С.К.» лидерлер мектебінің басшысы Әлібек Қаратаев, факультетаралық КВН ойындарының 2 дүркін чемпионы, лига ұйымдастырушысы Айдын Базармағанбетов және кәсіподақ ұйымының басшысы, «Университет лигасы» ойындарының қолдаушысы, өділқазы алқаларының төрайымы Гүлнұр Зарлықова болды.

«ЕХРО-2017 - Жарқын болашаққа бір қадам» атты тақырыбында көрермен алдында енегелі өнер көрселіп, 5 команда филология факультет «Бес саусақ», шетел лдер факультеті «Арулы қыздар», жаратылыстану факультеті «Глюкоза» және «Біздің нұсқа», техникалық факультет «Фромтех» командалары финалдық сайысқа жолдама алды.

Руслан АРТЫҚБАЕВ,
студенттермен және жастар ұйымдарымен
жұмыс бөлімінің маманы

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Ақпарат Мұрағат комитеті
Мерзімді баспасөз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы 2014 жылғы 12 ақпанда тіркеліп №14155-Г күәлігі берілген

Бас редактор Арн Ж.С.
Тілші Дүйсенбаева С.Б.
Маман Жалғасбаева М.Ж.
Корректор Адилханова С.Ж.

Меншік иесі:
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис» баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Смағұлов кешесі, 9 «К») басылады.
Тел: 8(7132)545-545, 400-400.

Тапсырыс №33 Таралымы 3000

Біздің мекен-жайымыз:
030000, Ақтөбе қаласы, Ә. Молдағұлова кешесі 34 үй. Студенттер сарайы, 1 қабат
Келемі 2 баспа табақ.
Газет айына 2 рет шығады.
Газет редакциясына келіп түскен қолжазбалар мен фотосуреттер қайтарылмайды.